

БЕКІТЕМІН

«NURSULTAN 77 »

балабақшасының меңгерушісі



Д.Т. Табышева

«Жайлауға саяхат»

«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиеші: Абатова С.А

2025 ЖЫЛ

«Жайлауға саяхат»

Мақсаты:

Әлеуметтік дағды: Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.

Коммуникативтік дағды: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: "қойшы", "жылқышы", "түйеші", "сиыршы" аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.

Танымдық дағды: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.

Шығармашылық дағды: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Дайын пішіндерден жануарларды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.

Физикалық дағды: Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен жүру, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, заттардан аттап өту,

Негізгі бөлімі.

Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар.

Қар суы еріп, сай-салаға толады,

Жер көгеріп, бүршік атып,

Жайлау малға толады.

Бөбектерім айтыңдаршы,

Бұл қай кезде болады?

(Көктем)

- Дұрыс айтасыңдар балалар. Көктем мезгілінің әдемі ерекшелігінің бірі малдар төлдейді.

Балалар бүгін біз үй жануарлары және олардың төлдері туралы әңгімелейміз.

Сендер қандай үй жануарларын білесіңдер?

-Сиыр, қой, жылқы, ешкі, түйе

-Дұрыс айтасыңдар, ал енді толық білу үшін бүгін біз жайлауға саяхатқа барамыз. Жайлауда жүрген үй жануарларымен таныстырамыз.

-Айтыңдаршы балалар, жайлауға жұрт қай уақытта шығады?

Балалар: Көктемде шығады.

Балалар жайлау бізге алыс, бірақ біз шыныққан балалармыз ғой, жаяу барсақ қалай болады?

(Жәй әуен ойналады)

-Ендеше, біріміздің артымызға сапқа тұрып жүреміз, мына жерде тастар жатыр екен, жыланша жүрейік.

- Ой, балалар, көлге тап болдық. Мынау көпір ғой, тепе–теңдікті сақтай, екі қолды екі жаққа созып жүріп өтейік.

«Жайлау» көрінісі.

Міне балалар жайлауға да келіп жеттік!

-Балалар, мына көрініске қараңдаршы! Бұл жайлаудың бейнесі, бұл жерге киіз үй орналастырылған. Ертеде адамдар жайлауға көшкенде осындай киіз үйлерді тігіп отырған. *(Киіз үйдің құрылысымен таныстырып оту)*

Балалар сіздерге арнап түрлі ойындар бар екен қараңыздаршы ендеше осы ойындармен ойнаңыздар.

1) ойын: «Сиқырлы сндар»

Шарты: Үлгіде берілген сандарға үй жануарларының құрамын жинақтау.

2) ойын: «Адасқан төлдер»

Шарты: Адасқан төлдерді енелеріне апарып қосып, үй жануарларын қоректендіру.

3) ойын: «Түрлі-түсті бояулар»

Шарты: Түрлі әдіспен қошақанның бейнесін қағаз бетіне түсіріп желімдеу. Әйнекке жайлаудың бейнесін салу.

4) ойын: «Әйбат қолдар»

Шарты: Қара түсті қағаз бетіне үй жануарларын орналастырып манный каша сеуіп көлеңкесін шығару. Түрлі түсті тастармен үй жануарларын әсемдеу.

5) ойын: «Зертхана»

Шарты: Сүтті қалай саутынын көрсету және шыққан сүттен қандай тағамдар жасалатынын көрсету, құртты үзбеден жасату.

Рефлексия:

- Балалар бүгін біз саяхатқа қайда бардық?
- Адамдар жайлауға қай мезгілде шығады?
- Үй жануарларын атап беріңіздерші?
- Төлдерін атайық?
- Біз үй жануарларын не береміз?
- Ал үй жануарлары бізге не береді?
- Сүттен нелер жасауға болады?

Балалар бүгін ойын іс-әреетімізде сіздер жақсы жұмыс жасадыңыздар рақмет!